

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2026)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/BGQF1973>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Искакова З. С., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/BGQF2010>**О. Сөйлемез¹, *Г. Б. Алимканова²**¹Кастамону университеті,

Түркия, Кастамону қ.

²Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8382-3173>²ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-5498-4504>*e-mail: erema.19.01@mail.ru

ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ ГЕНЕЗИСІ МЕН ЭТНОГЕНЕЗ МӘСЕЛЕЛЕРІ: Е. ТҰРСЫНОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ

Фольклорлық туындылар – халық даналығы мен мәдени-философиялық танымын танытатын қазақ тарихы мен мәдениеттануын зерттеудің қайнар бұлағы. Қазақ фольклорында халқымыздың тұрмыс-тіршілігі, өмірі, рухани болмысы мен ойлау жүйесі көрініс тауып, сол арқылы ұлттық дүниетанымның болмысын зерделуге болатыны анық.

Тарихта болған қоғамдық, әлеуметтік құбылыстарды қамтыған қазақ халқының ертеден келе жатқан өзіне тән дүниетаным мен әдет-ғұрпын айғақтайтын фольклорлық мәдени мұралары халықтың рухани қазына тірегі болары анық.

Мақаланың негізгі мақсаты – Е. Тұрсыновтың ғылыми тұжырымдары негізінде қазақ тұрмыс-салт ертегілерінің генезисін, ауыз әдебиет жасаушылардың байырғы өкілдерінің атқаратын ролін және Қорқыт бейнесінің түркі дүниетанымындағы орнын кешенді түрде талдау арқылы қазақ халқының фольклор мұрасының этногенездік негіздерін айқындау.

Мақалада қазақ фольклорының қалыптасу арналары мен генезис мәселелері білгір ғалым, талантты фольклортанушы Е. Тұрсынов еңбектері негізінде қарастырылады. Зерттеу барысында қазақ тұрмыс-салт ертегілерінің шығу тегі, қазақ ауыз әдебиетінің байырғы өкілдері және олардың этномәдени дүниетаныммен байланысы талданады. Сондай-ақ Қорқыт бейнесінің түркі

фольклорындағы орны, оның мифологиялық және тарихи сипаты, рухани-мәдени мәні зерделеніп, қазақ болмысының дүниетанымдық негіздерімен сабақтастығы айқындалады. Мақалада фольклорды этногенездік үдерістерімен байланыстыра қарастыру арқылы қазақ халқының рухани мұрасының терең тарихи тамырлары көрсетіледі.

Кілтті сөздер: фольклор, фольклорлық жанрлар, тұрмыс-салт ертегілері, генезис, этногенез.

Кіріспе

Халық шығармашылығының фольклорлық туындыларында қоғамның өзіндік тарихы, этнографиялық ерекшеліктері, тұрмыс-тіршілік құбылыстары мен бүкіл болмыс-бітімінің сипаттайтын элементтер көрініс табады. Қазақ халқының рухани болмысы мен этникалық тарихын тануда фольклорлық шығармалардың атқаратын орны мен маңызы зор. Мифологиялық түсініктер, аңыз-эпсаналар, эпостық жырлар мен салт-дәстүрлер халықтың көне дүниетанымын, тарихи жадын және этникалық бірегейлігін сақтаушы мәдени код ретінде қарастырылады [1, 45-6.]. Бұл тұрғыда фольклор әдеби-эстетикалық құбылыс ретінде ғана емес, сонымен бірге этностың қалыптасу кезеңдерін анықтайтын маңызды тарихи-мәдени қайнар көзі ретінде қызмет етеді. Фольклорлық шығармаларда қоғамның даму деңгейіне байланысты халықтың әлеуметтік тіршілігі мен тұрмыс салттары, сонымен бірге шығармашылық қабілеті мен дүниетанымы айқын көрініс табады [2, 15-6.].

Едіге Дәріғұлұлы Тұрсынов – түркі (қазақ) фольклорын зерттеуге зор үлес қосқан ғалым, өз ғылыми шығармашылығында қазақ фольклорының формалары мен жанрларының генезисінен бастап, фольклорды жырлаушы, сақтаушы және таратушы синкретті типтеріне дейінгі осы көпқырлы құбылыстың дерлік барлық қырын қамтыған. Ғалымның ғылыми мұрасы кеңестік кезеңде алғаш рет фольклорлық деректерге, мифологиялық сюжеттер мен эпикалық мәтіндерге сүйене отырып, дала өркениетінің көне танымдық жүйесін кешенді түрде зерделеуге және оны ғылыми айналымға енгізуге бағытталуымен ерекше мәнге ие. Егер Олжас Сүлейменов сөз бен таңбаның археологиясы, сөздер мен терминдердің этимологиясы арқылы ежелгі прототүркілердің әлемнің әр өңіріндегі іздерін зерттесе, Е. Тұрсынов көне әлемнің тұтас бейнесін мифтер мен мифологиялық арқылы көрсетіп, сол арқылы ежелгі тарихты тануды ұсынады. Фольклортанушы пікірінше, фольклорлық туындыларда халықтың шығу тегі, дүниетанымдық жүйесі мен мәдени тәжірибесі көрініс табады.

Е. Тұрсынов құрған және іске асырған зерттеулерінің кешенді жүйесі оны Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев, Ә. Марғұлан, Е. Ысмайылов және т.б. сияқты көрнекті ғалымдар қатарына қосуға толық негіз береді.

Фольклорды зерттеген ғалым-зерттеушілерден өзгешелігі, ғалым осы фольклортану саласында ғана шектеліп қалмай, тарихнама мен тарихи интерпретацияларға терең қызығушылық танытып, шығармашылығының соңғы кезеңінде этногенетикалық тұжырымдамалар жасауға ұмтылды. Ғалым өмірінің басым бөлігін шығармашылық пен ғылым жолына арнап, өмір жолы үнемі ізденісте болды.

Материалдар мен әдістері

Зерттеудің негізгі материалы ретінде ғалым Е. Тұрсыновтың фольклор, мифология және этногенез мәселелеріне арналған туындылары пайдаланылды. Атап айтқанда, зерттеушінің «Қазақ тұрмыс-салт ертегілерінің генезисі» (1973), «Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері» (1976), «Истоки тюркского фольклора. Қорқыт» (2001) атты ғылыми зерттеулері негізгі дереккөздер ретінде алынды. Сонымен қатар қазақ фольклортану ғылымындағы көрнекті ғалым, жазушы М.Әуезов еңбектері теориялық негіз ретінде қолданылды.

Талдау барысында түркі (қазақ) шығармалары негізінде тарихи жағдай мен қоғамдық-саяси мәселелер сараланды. Зерттеуде салыстырмалы-тарихи әдіс, мәтіндік талдау, жүйелеу, мазмұндау тәсілдері қолданылды. Фольклорлық шығармалар тарихи-этнографиялық деректермен салыстырылып, нәтижесінде этногенездік мазмұн анықталды. Е. Тұрсынов еңбектеріндегі теориялық тұжырымдар талданып, зерделенді.

Нәтижелер мен талқылау

Фольклортанушы ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Е. Тұрсыновтың «Қазақ тұрмыс-салт ертегілерінің генезисі» (1973), «Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері» (1976), «Жауырыншы – прототип жырау» (1995), «Возникновение баксы, акынов, сэри и жырау» (1999), «Древнетюркский фольклор: истоки и становление» (2001), «Истоки тюркского фольклора. Қорқыт» (2001) ғылыми еңбектерінің қазақ фольклортануында орны бөлек. Ғалым қазақ фольклорының бастауы туыстас түркі-моңғол халықтарының тарихынан бөліп-жарып қарауға болмайтынына ерекше назар аударады. Он бесінші ғасырларда қазақ халқы дербес халық ретінде қалыптасқанымен, оның тарихы мен этногенезісі палеолит дәуірлерде қалыптасқан болатын. Археологиялық ізденістерге сәйкес Қазақстан аумағында адамзаттың қоныстану тарихы палеолит дәуірінен басталады және қоғамның шаруашылық-мәдени қызметі ұзақ революция барысында тас дәуірінен қола және темір дәуірлеріне ұласып, кейінгі түркі кезеңі мен қазіргі заманға дейінгі үздіксіз тарихи сабақтастықта дамыған [3, 5-6.].

Е.Тұрсынов зерттеуінше, фольклорлық өнер адамзаттың әлеуметтік құрылымымен бірге пайда болып, оның даму үдерісімен сабақтас дамып отырған. Негізгі фольклорлық жанр типтері алғашқы қоғамдық дәуірінде

қалыптасты, олардың ішінде Хун дәуіріне жататын батырлар жыры, толғау, айтыс, лирикалық ән сияқты ауыз әдебиетінің көрнекті түрлерінің қалыптасу дәуірі де осы [4, 133-б.].

Ғалымның 1973 жылы дүниеге әкелген «Қазақ тұрмыс-салт ертегілерінің генезисі» туындысы фольклортану ғылымына жаңалық әкеліп, ғылыми және жалпы оқырман ортасында резонанс қалыптастырды. Монографиялық зерттеуінде тұрмыс-салт ертегілерінің қиял-ғажайып ертегілерінен кейін қалыптасқандығы тезисінің қателігін дәлелдеді. Өз концептуалдық ұстанымын дәлелдеу мақсатында зерттеуші палеолит дәуірінен бастау алатын ежелгі қауымның тарихи дамуының деректерді, археологиялық, этнографиялық зерттеулердің жинақталған қорытындыларын кешенді түрде пайдаланады. Аталмыш тұжырым зерттеушінің бірқатар мысалдары арқылы аңғарылады, бұл көзқарас келесі пікірінде айқын көрініс табады. Тұрмыс-салт ертегілерінің генетикалық бастаулары мәселесі осы уақытқа дейін қазақ фольклортануында этнография, тарих, археология және дін тарихы деректерін жеткілікті дәрежеде ескермей, дәстүрлі түсіндіру аясында қарастырылып келеді. Осыған байланысты тұрмыс-салт ертегілері қиял-ғажайып ертегілерден әлдеқайда кейін пайда болып, ертегі жанрының бір тармағы ретінде өз бастауын соның негізінде алған деген көзқарас орныққан. Мыңдаған жылдарға ұласқан даму кезеңдерінің негізінде қаланған алғашқы қауымдық мәдениеттің өркендеуі жоғарғы палеолит дәуіріне сәйкес келеді. Бұл кезеңде кескіндеме өнері қалыптаса бастайды, сөз өнері күрделеніп, көпқырлы сипатқа ие болады. Алғашқы қауым ауызша сөз өнерінде тұрмыстық әңгімелер, әзіл-сықақ сипаттағы оқиғалар мен әлі фольклорлық жанр ретінде дербес толық қалыптасып үлгермеген ертегілер де ерекше орын алады [5, 7-11-бб.]. Тұрмыс-салт ертегілерінің қалыптасу тарихы нақты бір уақыттық межемен шектелмейді, мазмұны жағынан қоғам дамуының тарихи кезеңдерін қамтып, феодалдық кезеңнен бастап, қоғамның дамуындағы үлкен аралықты қамтиды [6, 71-86-бб.].

Е. Тұрсынов тұрмыс-салт ертегілерінің бастауын анықтау мақсатында ертегі жанрының басқа түрлерін, дуалистік миф пен тотемдік культтердің ролі мен алғашқы қауымның ой-танымын жан-жақты зерттейді. Автор тұрмыс-салт ертегілерге тән белгілер мен сипаттамалар алғашқы қауымдағы тұрмыстық әңгімелерден, әзіл-сықақтардан, мифтерден, ежелгі ғұрыптар мен шамандық аңыздар сюжеттерінен байқалатынын анықтайды. Тұрмыс-салт ертегілерінің ертегінің басқа жанр түрлерінің семантикалық және құрылымдық өзгерістердің ықпалымен қалыптаспағанын, хайуанаттар және қиял-ғажайып ертегілерімен қатар дамығанын дәлелдейді. Тұрмыс-салт ертегілері кенже жанр емес, түпкі қайнарын ертегі жанрының басқа түрлері қалыптасқан алғашқы дәуірден алып, қатар дамыған ертегі түрі екенін

тұжырымдайды [5, 5-6.]. Зерттеушінің 1973 жылы басылып шыққан «Генезис казахской бытовой сказки в аспекте связи с первобытным фольклором» кітабының атауы зерттелетін концепциясын барлық аспектісін қамти отырып, автордың негізгі ойын толық жеткізеді.

Ғалым аталған мәселелер аясында тұрмыс-салт ертегілердің ертегінің басқа жанр түрлерімен, қиял-ғажайып, хайуанаттар туралы ертегілермен байланысын және тұрмыс-салт ертегілерге сәйкес генетикалық жағынан байырғы қоғамдағы тұрмыстық әңгімелерге, әзіл-сықақ оқиғаларға, мифтер мен тотемдік көзқарастарға, ежелгі әдет-ғұрыптарға, шамандық аңыздарға барып тірелетін сюжеттер мен мотивтердің шығу тегі мен эволюциясын анықтайды [7, 7-14-66.].

Автор тұрмыс-салт ертегілерінің қалыптасу тегі мен даму ерекшеліктерін зерттеу барысында мифологиялық және тотемдік дүниетаным элементтерін басты назарға алып, ертегінің жанрлық түрлерін, тұрмыс-салт ертегілерінің сюжеттік құрылымының кеңею үдерістерін, сондай-ақ кейіпкер бейнелерінің типологиялық жүйесін кешенді түрде зерделейді.

Ғалым дуалистік мифологияға тән айлакерлік және әзіл-қалжың мотивтерінің «Алдар көсенің шайтанды алдауы» ертегісінде айқын көрініс тапқанын атап көрсетеді. Сонымен қатар, ағайындылардың бірінші туылғаны жөніндегі дау дуалистік түсініктің бастапқы формаларының өзгеріске түскенін аңғаруға мүмкіндік береді. Мұндай талдау ертегі түрлерінің жанраралық өзара ықпалдасуы мен кейіпкерлер образдарының типологиялық ерекшеліктерін жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, «Тоғыз Тоңқылдақ, бір Шіңкілдек» ертегісінде қарама-қарсы фратрияға жататын дуалистік кейіпкерлердің сипаты сақталғанын атап, дуалистік миф пен салт әңгімелерден тұрмыс-салт ертегілері қалыптасып, дамиды деп қараудың дұрыс еместігін көрсетіп, бұл тұрғыда тұрмыс-салт ертегілерін саралауда мифологиялық элементтер мен кейіпкерлер бейнесінің өзара ықпалдасуын жан-жақты қарастыру қажет екені сөзсіз.

Е. Тұрсыновтың ерте дәуір фольклорын зерттеуде этногенез мәселесін қарастырғаны анық, сонымен бірге қазақ халқының фольклорын түркілік этногенезбен сабақтастықта қарастырады, Сібір және Орталық Азия халықтарының деректерін назарға алады. Ғалымның қай зерттеулерін алсақ та, фольклорлық сарындар, фольклорлық ауыз әдебиетін жасаушылар типі тарихи тұрғыдан қарастырылып, олардың байырғы генетикалық типтеріне үңіледі.

Е. Тұрсыновтың «Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері» еңбегіндегі сараланған ізденістері мен тұжырымдары фольклортану ғылымы үшін құнды туындыларының бірі болды. Зерттеу барысында бұл тақырыпта жазылған деректер мен зерттеулерге тарихнамалық шолу жасап, дәнекерші, бақсы, ақын, болжаушы абыз, сыншы, жырау, сал, сері сияқты

фольклор үлгілерін жасап, сақтап, таратушылар типтерінің пайда болу тарихын зерттейді. Ақын, жырау, сал-сері сияқты ауыз әдебиеті өкілдері мыңдаған жылдар бойы өнер дәстүрінде сабақтаса қалыптасып, дамып, өзгеруімен тығыз байланысты [8, 6-б.]. Ғалымның пайымдауынша, түркі, моңғол, тұңғыс этник бірлестіктері өздігінен пайда болған жоқ, аталмыш бірлестіктер түптамыры көне тас дәуірінен бастауын алады. Байырғы заманнан тас дәуірінен бастап, қазіргі заманғы қазақ заманына дейін созылып мыңдаған жылдар желісінен жалғасын тапқан ұзақ дәстүрдің іздерін байқауға болады. Осы дәстүрдің бойынан қазақ фольклоры жасаушылардың байырғы өкілдерінің шығу тарихын іздеу керек. Қазақ фольклоры өкілдері типтерінің шығу тегін анықтау үшін зерттеу жұмыстарын көне тас дәуірінен бастау қажет деген пікірді ұстанады. Көне типтерге ақын, бақсы, жырау, сал, сері, сыншылар түрлерін жатқызады [5, 26-б.]. Алайда көпшілік қауым Е.Тұрсынов тұжырымын бірден қабылдай қоймауы мүмкін, бұл мәселе жөніндегі ғалымның көзқарасы төмендегі пікірінен айқын көрінеді: «Тас дәуірінде адамзат баласы жартылай хайуан, олардың тарихын фольклор тарихымен байланыстыруға бола ма дегендерді талай естідік және естіп келеміз. Бірақ бұл қалжың емес, олардың тарихын фольклор тарихымен байланыстыруға болады» [5, 27-б.].

Ғалым қазақ өнерінің жасаушыларының қалыптасу тарихын тарихи кезеңдермен байланыстыра зерттеп, бірнеше тарихи сатыларға бөліп қарастырған. Алғаш кезеңде ру тәртібінің сақталуын бақылаған, ру ішінде басшылық еткен «ырыми дәнекерлер» пайда болған. Екінші даму сатысында неолит дәуірінде алғашқы өнер жасаушылары музыкалық аспапты қолданып, ән, күй орындап, бұл орындау аңшылықтан олжалы қайтуға, өнімнің мол өсуіне, табиғаттың тылсым күштерінің кері қайтып, адамға көмектеседі деген наным-сенімдерден туындаған. Қазақ мәдениеті дамуының келесі сатысын ғалым қола дәуірімен байланыстырып, бұл кезеңде бақсылықтың пайда болуын көрсетеді [8, 53-б.]. Жыраулық дәстүрдің сонау Күлтегін, Тоныкөк, Орхон Енисей жазуларынан бастау алып, алғашқы белгілерінің пайда болуы әскери демократия кезеңімен байланыстырады [9]. Әскери демократия кезеңінен кейін сал, серілер пайда болғандығын айтып, осы құбылыстың шығу тегін анықтап, бұл үрдістің зерттелуіне сүбелі үлес қосты [8, 54-б.]. Е. Тұрсыновтың ғұламалығы – әр өнер жасаушы өкілінің пайда болуының нақты даму кезеңі мен дәуірін көрсетумен ашқан жаңалығы.

Түркі халықтары және қазақ фольклорында ерекше орны бар мәдени феномен болып есептелінетін қазақ фольклорының бастау бұлағы Қорқыт туралы аңыздары философиялық ойға толы туынды екені сөзсіз. Қорқыт жайлы аңыздар мен оның фольклорлық бейнесі әлі күнге дейін фольклортанушылар мен зерттеушілердің назарын аударып келеді. Фольклортану ғылымында бүгінгі уақытқа дейін нақты шешімін таппаған өзекті мәселелердің бірі Қорқыттың

мифологиялық кейіпкер не тарихи тұлға ма екендігі болып табылады. Е.Тұрсыновтың пайымдауынша, түркі халықтарының ортағасырлық «Кітаби дедем Қорқыт» жырында Қорқыт дүниедегі бар нәрсені білген, өзгелерге болашақта болатын құпия-сырларды жеткізуші бейнесінде сипатталып, елден жырақ кетіп, келешекті болжай алатын дана қария ретінде сомдалады [4, 133-б.]. Қорқыт жайлы пайда болу тарихына қатысты зерттеулерде қаһарманның исламға дейінгі түркі қоғамында өмір сүрген тұлға екендігі және көпқырлы қызмет атқарып, шешендік қабілетімен, рухани беделімен, болашақты болжай білу қасиетімен танылған. Сол себепті халық санасында Қорқыт тұлғасы ерекше құрметке иеленіп, киелі бейне ретінде қабылданған [10, 57-6.].

Е. Тұрсыновтың зерттеуінше, Абылғазы Баһадүр ханның «Шежіре-и тәракімә» («Түрікмендер шежіресі») атты еңбегінде Қорқыттың бейнесі ханнан да жоғары мәртебеге ие тұлға ретінде сипатталады [4, 135-6.]. Демек, Қорқыт халық атынан сөйлеуші, елдік мүддені білдіретін дана тұлға, қоғам өмірінде айрықша орны бар ел ағасы ретінде бейнеленеді. Ал Әлішер Науаи Қорқытты келешекті болжағыш, көп нақыл сөз қалдырған магиялық аспап қобыздың иесі деп көрсетеді. Ғалым Қорқыт бейнесінің тарихи тамырларын айқындауда XVI ғасырда өмір сүрген түрікмен шежірешісі Салыр бабаның еңбегінде келтірілген деректердің маңызын атап көрсетеді. Зерттеушінің пайымдауынша, Қорқыт хайуанаттар мен құстардың тілін меңгерген ерекше қабілет иесі ретінде сипатталуы оның мифологиялық әрі символдық болмысын ашуға мүмкіндік береді [4, 138-6.]. Еліміздің ұлы жазушысы М.Әуезов өз еңбегінде Қорқыт туралы жырларының мазмұны өте терең екендігін және өлімді тоқтату мүмкін еместігін мойындағысы келмей, қобыз жасап, жер бетінде алғаш рет күй орындаған рухани тұлға екенін көрсетеді [11, 15-6.].

Е. Тұрсынов пен фольклортануда өзіндік орны бар зерттеушілердің Қорқыт туралы аңыздар жайлы зерттеулері мен айтылған өзекті ой-пікірлерін тұжырымдай келе, қазақ философиясы мен мәдениетінің дүниетанымдық негіздерін және ондағы мәдени-философиялық ұстанымдарды барша түркі халықтарына ортақ фольклорлық мұралар мен мәдени құндылықтар аясында қарастыру орынды деу сөзсіз.

Қорытынды

Қазақ халқының фольклоры тереңге тамыр жайған, өткен заманға ой тастап, бүгінмен қауыштыратын, халықтың тарихы мен бітім-болмысын танып түсінуге мүмкіндік беретін бай қазыналарының бірі, мәдени мол мұрасы. Қазақ ауыз әдебиетінің мазмұнын қаншалықты терең түсінетін болсақ, соншалықты халқымыздың табиғи болмысын түсінушілікпен, сүйіспеншілікпен қабылдайтын боламыз. Осы орайда Е.Тұрсыновтың аса құнды ғылыми еңбектері оқырмандарына берері мол, тәрбиелік мәнінің зор екендігі сөзсіз.

Қазақ тұрмыс-салт ертегілерінің генезисі жөніндегі теориялық еңбектерімен қатар Қорқыт аңыздары туралы зерттеулері, қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдерін саралауы, сонымен бірге фольклорлық мұраны жинау сияқты маңызды да, мәнді күрделі ғылыми мұрасы қазақ фольклортануына өз үлесін қосты. Ғалымның қазақ фольклортануы тарихында, ғылымында ашқан жаңалықтары құнды әрі сан-салалы, соның ішінде орны ерекше ғылыми зерттеулерінің бірі – қазақ өнер жасаушыларының пайда болу тарихи сатыларын айқындап, терминологиялық және этимологиялық талдаулар жүргізуінде. Осындай мазмұнды ғылыми зерттеулері зерттеушілерге рухани азық болатыны анық және бүгінгі ғылымға да беретіні мол.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Әуезов, М.** Әдебиет тарихы: Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған [Мәтін]. – Алматы : Ана тілі, 1991. – 240-б.

2 **Пропп, В. Я.** Фольклор и действительность [Текст]. – М. : Наука, 1976. – 366 с.

3 **Алпысбаев, Х. А.** Памятники нижнего палеолита Южного Казахстана [Текст]. – Алма-Ата : Наука, 1979. – 208 с.

4 **Турсунов, Е. Д.** Истоки тюркского фольклора. Қорқыт [Текст]. – Алматы : Дайк-Пресс, 2001. – 168 с.

5 **Турсунов, Е. Д.** Генезис казахской бытовой сказки. В аспекте связи с первобытным фольклором [Текст]. – Алма-Ата : Наука, 1973. – 215 с.

6 **Себелева, А. В., Симонова, С. А.** История и эволюция жанра фольклорной сказки сквозь призму отражения мира народа [Текст] // Нижневартковский филологический вестник. – 2024. – № 2. – С. 71–86.

7 **Әзібаева, Б. У.** Едіге Тұрсыновтың ғылыми концепциялары мен методологиясы ХХІ ғасыр ғылымының контекстінде [Мәтін] // Е.Д.Тұрсыновтың туғанына 75 жыл толуына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – 2018. – 160-б.

8 **Турсунов, Е. Д.** Происхождение носителей казахского фольклора [Текст]. – Алматы : Дайк-Пресс, 2004. – 322 с.

9 **Әбілқасымұлы, Ә.** Тәңір текті түркілер. Алаш үні [Мәтін]. // – [Электронды ресурс]. – URL: https://on.kz/kazak_tarihy/tanir-tekti-turkiler-63964/ (22.02.2015)

10 **Kabaklı, A.** Türk Edebiyatı Cilt 1 [Text]. – Istanbul : Türk Edebiyatı Vakfı, 1975. – 198 s.

11 Мұхтар Әуезов энциклопедиясы [Мәтін]. – Алматы : Атамұра, 2011. – 688-б.

REFERENCES

- 1 **Auezov, M.** Adebiet tarihy': Zhogary` oqu ory`ndary`ny`n studentterine arналған [History of literature: for students of higher educational institutions] [Text]. – Алматы': Ana tili, 1991. – 240 p.
- 2 **Propp, V.Ya.** Fol'klor i deistvitel'nost' [Folklore and reality] [Text]. – Moscow : Nauka, 1976. – 366 p.
- 3 **Alpy'sbaev, X.A.** Pamyatniki nizhnego paleolita Yuzhnogo Kazaxstana [Lower Paleolithic monuments of Southern Kazakhstan] [Text]. – Alma-Ata : Nauka, 1979. – 208 p.
- 4 **Tursunov, E.D.** Istoki tyurkskogo fol'klora. Qorqy't [The origins of Turkic folklore. Korkyt] [Text]. – Алматы': Dajk-Press, 2001. – 168 p.
- 5 **Tursunov, E.D.** Genezis kazaxskoi by'tovoi skazki. V aspekte svyazi s pervoby'tny'm fol'klorom [The genesis of the Kazakh household fairy tale. In relation to primitive folklore] [Text]. – Alma-Ata : Nauka, 1973. – 215 p.
- 6 **Sebeleva, A.V., Simonova, S.A.** Istoriya i e'volyuciya zhanra fol'klornoj skazki skvoz' prizmu otrazheniya mira naroda [The history and evolution of the folklore fairy tale genre through the prism of reflecting the world of the people] [Text] // Nizhnevartovskij filologicheskij vestnik – 2024 – № 2. – P. 71–86.
- 7 **Azibaeva, B. U.** Edige Tursy'novty'n gy'ly'mi koncepciyalary` men metodologiyasy` XXI gasy'r gy'ly'my'ny'n konteksinde [Scientific concepts and methodology of edige Tursunov in the context of science of the XXI century] [Text] // E.D.Tursy'novty'n tugany`na 75 zhy'l toluy`na arналған Haly`qaraly`q gy'ly'mi-teoriyalıy`q konferenciya materialdary` – 2018 – 160 p.
- 8 **Tursunov, E. D.** Proishozhdenie nositelei kazahskogo fol'klora [The origin of Kazakh folklore speakers] [Text]. – Алматы': Dajk-Press, 2004. – 322 p.
- 9 **Abilqasy'myly`, A.** Tanir tekti turkiler. Alash uni [Turks of Tengri origin. Alash sound]. – [Electronic resource]. – URL: https://on.kz/kazak_tarihy/tanir-tekti-turkiler-63964/ (22.02.2015)
- 10 **Kabakh, A.** Türk Edebiyatı Cilt 1 [Turkish Literature Volume 1] [Text]. – Istanbul: Türk Edebiyatı Vakfı, 1975. – 198 p.
- 11 **Muhtar Auezov e'nciklopediyasy`** [Mukhtar Auezov encyclopedia] [Text]. – Алматы': Atamura, 2011. – 688 p.

11.01.25 ж. баспаға түсті.

24.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

21.05.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

О. Сойлемез¹, *Г. Б. Алимканова²

¹Кастамону университет,

Турция, г. Кастамону;

²Торайгыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Поступило в редакцию 11.01.25.

Поступило с исправлениями 24.01.25.

Принято в печать 21.05.26.

ГЕНЕЗИС КАЗАХСКОГО ФОЛЬКЛОРА И ПРОБЛЕМЫ ЭТНОГЕНЕЗА: НА ОСНОВЕ ИССЛЕДОВАНИЙ Е. ТУРСЫНОВА

Фольклорные произведения являются источником, отражающим народную мудрость и культурно-философское мировоззрение, а также служат фундаментом для изучения истории и культуры казахского народа. В казахском фольклоре находят отражение бытовая жизнь, повседневные практики, духовная сущность и система мышления народа, что позволяет исследовать основы национального мировоззрения.

Фольклорное культурное наследие, содержащее сведения о социальных и общественных явлениях, а также о традициях и обычаях, сформировавшихся у казахского народа с древнейших времен, является основой духовного богатства нации.

Цель статьи – на основе научных выводов Е. Турсынова комплексно проанализировать генезис казахских бытовых сказок, роль древнейших представителей устного народного творчества и роль образа Коркыта в тюркском мировоззрении, выявив этногенетические основы фольклорного наследия казахского народа.

В статье рассматриваются пути формирования казахского фольклора и вопросы его генезиса на материалах исследований выдающегося ученого и талантливого фольклориста Е. Турсынова. В процессе исследования анализируются происхождение казахских бытовых сказок, древнейшие представители устного народного творчества и их связь с этнокультурным мировосприятием. Кроме того, исследуется роль образа Коркыта в тюркском фольклоре, его мифологическая и историческая природа, духовно-культурное значение и связь с национальным мировоззрением. Рассмотрение фольклора в контексте этногенетических процессов позволяет показать глубокие исторические корни духовного наследия казахского народа.

Ключевые слова: фольклор, фольклорные жанры, бытовые сказки, генезис, этногенез.

O. Soylemez¹, *G. B. Alimkanova²

¹Kastamonu University,

Turkey, Kastamonu;

²Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Received 11.01.25.

Received in revised form 24.01.25.

Accepted for publication 21.05.26.

GENESIS OF KAZAKH FOLKLORE AND ISSUES OF ETHNOGENESIS: BASED ON THE STUDIES OF E. TURSYNOV

Folkloric works serve as a fundamental source reflecting the wisdom of the people and their cultural-philosophical worldview, as well as providing a basis for studying the history and culture of the Kazakh people. In Kazakh folklore, aspects of daily life, everyday practices, spiritual essence, and the cognitive patterns of the community are vividly represented, allowing researchers to explore the foundations of the national worldview.

These cultural heritage materials, which preserve information about social and public phenomena as well as the traditions and customs developed by the Kazakh people from ancient times, constitute a cornerstone of the nation's spiritual wealth.

The purpose of this study is to comprehensively analyze, based on the scholarly conclusions of E. Tursynov, the genesis of Kazakh everyday tales, the role of the earliest representatives of oral literature, and the significance of the Korqyt figure in the Turkic worldview, thereby revealing the ethnogenetic foundations of Kazakh folklore.

The article examines the formation pathways of Kazakh folklore and its genesis, drawing on the works of the prominent scholar and talented folklorist E. Tursynov. The study analyzes the origins of Kazakh everyday tales, the earliest oral literature creators, and their connection with ethnocultural perceptions. Furthermore, it explores the importance of the Korqyt figure in Turkic folklore, its mythological and historical dimensions, spiritual and cultural significance, and its connection to national worldview. Considering folklore in the context of ethnogenetic processes highlights the deep historical roots of the Kazakh people's spiritual heritage.

Keywords: folklore, folkloric genres, everyday tales, genesis, ethnogenesis.

Теруге 21.05.2026 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2026 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

6,73 МБ RAM

Шартты баспа табағы 49,0. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4553

Сдано в набор 21.05.2026 г. Подписано в печать 30.06.2026 г.

Электронное издание

6,73 МБ RAM

Усл. печ. л. 49,0. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4553

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz